

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Басқармасының 12.11.2012 жылғы
№ 416 шешімімен бекітілген,
Басқарманың 17.09.2015 жылғы №892
шешімімен өзгерістер мен толықтырулар
енгізілген.

Утверждено
Решением Правления
АО «Банк ЦентрКредит»
№ 416 от 12.11.2012 г.
с изменениями и дополнениями:
РП №892 от 17.09.2015г.

**Банктің құрылғысы арқылы
қызметке төлем жасауға байланысты
Банктік қызмет көрсету шартының
үлгі нысаны**

Банктің құрылғылары арқылы есеп айырысуға қатысушылардың арасында өзара ақпараттық және технологиялық іс-әрекет етуді қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге байланысты осы Банктік қызмет көрсету шарты бұдан кейін «Банк» деп аталатын «Банк ЦентрКредит» АҚ пен Клиент (бұдан кейін бірге «Тараптар» деп, ал жеке-дара «Тарап» деп аталады) арасында Оператордың қызметіне төлем жасауға байланысты Банк Клиентіне банктік қызмет көрсету талаптарын белгілеу мақсатында жасалады.

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарттың мәні Тараптардың бірлесіп әрекет ету тәртібін және Банктің Агрегатормен және Агрегатордың Оператормен шарт бойынша қарым-қатынастарын есепке ала отырып, Клиентке банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарын анықтау болып табылады.

2. Жалпы қағида

2.1. Осы Шартта қолданылатын барлық терминдер осы Шарттың 1-қосымшасында анықталған мәнінде түсіндіріледі.

2.2. Осы құжат бұқаралық оферта (бұдан кейін – Оферта) болып табылады.

2.3. Оператордың қызметіне төлем жасау үшін Клиенттердің төлемдері қолма-қол ақша қаражатын енгізу және Банктің төлем картасы арқылы қолма-қолсыз төлеу тәсілдерінің біреуімен Банктің құрылғыларында операциялар жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Қолма-қол ақшамен төлеген жағдайда:

- купюралар купюра қабылдағышқа бір уақытта барлық бумасымен енгізіледі. Бір мезгілде енгізілетін купюралардың ең көп саны – 50 дана;
- құрылғы артық ақшаны қайтармайды, қалған ақшаны Клиент басқа қызметтің ақысын төлеуге жұмсай алады.

**Типовая форма
Договора банковского обслуживания,
связанного с оплатой услуг через
устройства Банка**

Настоящий Договор банковского обслуживания, связанного с предоставлением услуг по обеспечению информационного и технологического взаимодействия между участниками расчетов с помощью устройств Банка, заключается между АО «Банк ЦентрКредит», именуемым в дальнейшем «Банк» и Клиентом, далее именуемые Стороны, а по отдельности – Сторона с целью определения условий оказания Клиенту Банка банковского обслуживания, связанного с оплатой услуг Оператора (далее по тексту – Договор).

1. Предмет Договора

1.1. Предметом настоящего Договора является определение порядка взаимодействия Сторон и общие условия оказания банковского обслуживания Клиенту с учетом договорных отношений Банка с Агрегатором, и Агрегатора с Оператором.

2. Общие положения

2.1. Все термины, используемые в настоящем Договоре, понимаются и толкуются в том значении, в котором они определены в Приложении №1 к настоящему Договору.

2.2. Настоящий документ является публичной офертой (далее – Оферта).

2.3. Осуществление Платежей Клиентов в оплату услуг Оператора производится путем совершения операций в устройствах Банка одним из следующих способов: путем вноса наличных средств и путем безналичной оплаты с платежной карты Банка.

В случае вноса наличными:

- купюры в купюроприемник вводятся всей пачкой единовременно. Максимальное количество вводимых купюр единовременно – 50 штук;
- устройство не выдает сдачу, оставшаяся сумма может быть направлена Клиентом на оплату других услуг;
- устройство принимает наличность только в

- құрылғы қолма-қол ақшаны тек ұлттық валюта – теңгемен қабылдайды.

2.4. Банк Агрегатор арқылы төлем жасау бойынша төменде көрсетілген тәртіпке сәйкес қызмет (бұдан кейін – Қызмет) көрсетеді:

- Клиент экранда ұсынылған қызметтердің қатарынан Операторды таңдау, талап етілген сәйкестендіргішті және соманы енгізу арқылы құрылғыда төлем жасайды;
- Банк сауалды Агрегаторға тапсырады;
- Агрегатор сауалды Операторға жолдайды, ал ол өз кезегінде Клиенттің Төлемді жүргізгенін өз жүйесінде белгілейді;
- Оператор Агрегаторға Төлем сомасының ойдағыдай аударылғаны туралы растау жібереді;
- Агрегатор төлемнің ойдағыдай жүзеге асырылғаны жөнінде Банкке хабарлайды;
- Мәміленің қатысушылары арасында өзара есеп айырысу жүргізіледі.

2.5. Банк Агрегатор жүйесіне дейін Клиенттің Төлемін орындау мақсатында сұрау жолдау үшін жауапты болады.

2.6. Банк Агрегатор тарапынан Төлемнің Операторға уақытылы жіберілмегені үшін жауап бермейді.

2.7. Банк Оператордың жүргізілген Төлемді қызмет төлеміне есепке алмағаны үшін жауап бермейді.

3. Клиенттің іс-әрекеттері

3.1. Клиент көрсеткен сәйкестендіргіштердің негізінде Оператордың пайдасына төлем жасау үшін құрылғыны пайдалану бойынша Клиенттің іс-әрекеті осы Офертаның толық және сөзсіз акцепті ретінде қаралады және Банк клиентінің осы Шартты жасағанын растайды. Құрылғыны пайдалану арқылы төлем жүргізудің әр фактісі Офертада көрсетілген талаптармен жасалатын жеке мәміле болып табылады.

3.2. Клиент төлем жүргізген кезде құрылғының экранында көрсетілген іс-әрекеттерді нақты орындауға міндетті. Аталған Офертаның талаптарымен келіспеген немесе нұсқаулықтың талаптарын түсінбеген жағдайда, Клиенттің Төлем жасау үшін құрылғыны пайдалануға құқығы жоқ. Банк Клиенттің құрылғының экранында көзделмеген нұсқаулықтарды орындағаны үшін жауап бермейді.

национальной валюте – тенге.

2.4. Банк предоставляет услуги по осуществлению Платежей через Агрегатора согласно нижеуказанного порядка (далее – Услуги):

- Клиент инициирует Платеж на устройстве путем выбора Оператора из числа предложенных услуг на экране, ввода требуемых идентификаторов и суммы;
- Банк осуществляет передачу запроса Агрегатору;
- Агрегатор маршрутизирует запрос Оператору, который в свою очередь фиксирует в своей системе совершение Платежа Клиентом;
- Оператор отправляет подтверждение Агрегатору об успешном зачислении суммы Платежа;
- Агрегатор уведомляет Банк об успешности платежа;
- проведение взаиморасчетов между участниками сделки.

2.5. Банк несет ответственность за отправку запроса в целях исполнения Платежа Клиента до системы Агрегатора.

2.6. Банк не несет ответственности за несвоевременную отправку Платежа со стороны Агрегатора до Оператора.

2.7. Банк не несет ответственности за зачисление произведенного Платежа в оплату услуг Оператором.

3. Действия Клиента

3.1. Действия Клиента по использованию устройства для совершения Платежей в пользу Оператора на основе указанных Клиентом идентификаторов рассматриваются как полный и безоговорочный акцепт настоящей Оферты и подтверждает заключение Клиентом Банка настоящего Договора. Каждый факт совершения Платежей с использованием устройства является отдельной сделкой, совершаемой на указанных в Оферте условиях.

3.2. Клиент при совершении платежа обязан четко исполнять предписанные действия, отображаемые на экране устройства. В случае несогласия с условиями данной Оферты или непонимания требований инструкции Клиент не вправе использовать устройство для совершения Платежей. Банк не несет ответственность за совершение Клиентом действий, не предусмотренных инструкцией на экране устройства.

3.3. Клиент Төлемнің жүргізілгені туралы Қондырғы берген чекті Оператордың Төлемді алғанына көз жеткізгенге дейін сақтауға міндетті.

3.4. Клиент құрылғыда операция жүргізе отырып:

- Көрсеткен қызметі үшін Банктің ұстап қалатын тарифтерімен келісетінін;
- енгізілетін Төлем сәйкестендіргіштерін толық тексергенін;
- өзі таңдаған Оператордың пайдасына төлем жүргізуге келісетінін растайды.

3.5. Чекті алғаннан кейін Клиент Төлемнің Операторға түскенін өз бетінше тексереді.

4. Қызметтің құны

4.1. Қызметтердің құны Банктің <http://www.bcc.kz/fizical/tarifs/plcops/> мекенжайы бойынша интернет-ресурсында жарияланған тарифтері арқылы анықталады.

4.2. Төлем жасаған кезде Клиент Оператордың есепшотына аударылуы тиіс төлем сомасын көрсетеді. Төлем жасау сомасына қосымша Банктің комиссиясы есептеледі және ол құрылғының экранында Төлем жасау үшін жиынтық сома түрінде көрсетіледі.

5. Пікірталас тудыратын операцияларды шешу тәртібі

5.1. Банк даулы жағдайларды Клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде қарастырады. Банктің шағымды қарастыруының қалыпты мерзімі – 10 (он) күнтізбелік күнге дейін. Егер бұл кезде даулы жағдайды шешу үшін Агрегатордың немесе Оператордың қорытындысын алу қажет болса, Банк Клиенттің өтінішін қарастыру мерзімінің ұзартылғаны үшін жауап бермейді.

5.2. Қолма-қол ақшаны пайдалану арқылы жасалған төлемдер бойынша даулы жағдайлар чек болған кезде ғана қарастырылады. Чек жоғалып қалған кезде Клиент Банкке жүргізілген Төлем туралы нақты мәліметтерді: күнін, сомасын, сәйкестендіргішін, Оператордың атауын, қызметтің атауын көрсетіп, өтініш жазуы тиіс. Мәліметтердің деректерін бермеген жағдайда, Банк Клиенттің пікірталас тудыратын жағдайды қарастыру туралы өтінішін орындаудан бас тартуға құқылы.

5.3. Клиенттің жіберіп алған қателіктерінің нәтижесінде сомаларды қайтарып алу немесе

3.3. Клиент обязан сохранять выданный устройством чек об осуществлении Платежа до того момента, пока Клиент не удостоверится о получении Платежа у Оператора.

3.4. Осуществив операцию в устройстве Клиент подтверждает что:

- согласен с тарифами, которые будут взиматься Банком за оказываемую услугу;
- полностью проверил вводимые идентификаторы Платежа;
- согласен провести Платеж в пользу выбранного Оператора.

3.5. После получения чека Клиент самостоятельно проверяет поступление Платежа у Оператора

4. Стоимость услуг

4.1. Стоимость Услуг определяется тарифами Банка, опубликованными на интернет-ресурсе Банка по адресу: <http://www.bcc.kz/fizical/tarifs/plcops/>.

4.2. При осуществлении Платежа Клиент указывает сумму оплаты, которая должна быть перечислена на счет Оператора. К сумме оплаты дополнительно начисляется комиссия Банка и выводится на экране устройства в виде итоговой суммы для проведения Платежа.

5. Порядок разрешения диспутных операций

5.1. Спорные ситуации рассматриваются Банком на основании письменного заявления Клиента. Стандартный срок рассмотрения претензий Банком - до десяти календарных дней. При этом Банк не несет ответственность за увеличение сроков рассмотрения заявления Клиента, в случае если для разрешения спорной ситуации требуется получить заключение Агрегатора либо Оператора.

5.2. Спорные ситуации по платежам с использованием наличных рассматриваются при наличии чека. При утере чека Клиент должен написать в Банк Заявление с указанием точных сведений о произведенном Платеже: день, сумма, идентификатор, наименование Оператора, название услуги. В случае непредоставления данных сведений Банк имеет право отказать Клиенту в рассмотрении диспутной ситуации.

5.3. Возврат сумм в результате допущенных ошибок Клиентом либо отмены Платежа, а

Төлемді жою, сондай-ақ Клиенттің дұрыс сәйкестендіргіші бойынша қате есептелген қаражатты аудару Клиент Банкке жазбаша өтініш берген кезде ғана жүзеге асырылады, бұл кезде Банк Клиенттің сұрауын Агрегаторға, ал Агрегатор өз кезегінде оны Операторға жолдайды. Банк Агрегатордан соманың қайтарылуы туралы жауап алған кезде ғана сома Клиентке қайтарылады.

5.4. Банк Клиенттің төлемді қайтару немесе Клиенттің қате есептелген қаражатын дұрыс сәйкестендіргіштер бойынша аудару туралы өтінішін қанағаттандырудан Оператордың бас тартқаны үшін жауап бермейді.

5.5. Банк сәйкестендіргіштерді дұрыс енгізбеу нәтижесінде Клиент көтерген залал үшін жауап бермейді.

6. Ерекше талаптар

6.1. Есеп айырысуға қатысушылардың арасында өзара іс-әрекет етуге техникалық мүмкіндік болмаған кезде, Банк осы Шарт бойынша қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуға құқылы.

6.2. Құрылғыны пайдаланудың нәтижесінде Клиент көтеруі мүмкін тікелей немесе жанама залал үшін Банк жауап бермейді. Банктің, Агрегатордың немесе Оператордың бағдарламалық қамсыздандыруында немесе құрылғысында ақаулар болған жағдайда, Қызмет көрсету кезінде туындаған үзілістер үшін Банк жауап бермейді. Құрылғыны, бағдарламалық қамсыздандыруды ауыстыруға байланысты немесе Банктің, Агрегатордың және Оператордың бағдарламалық және/немесе аппараттық қамсыздандырудың жұмыс істеуін және оны жетілдіруді қолдау қажеттілігінен туындаған өзге жұмыстарды жүргізуіне байланысты Қызмет көрсету кезінде орнаған толық немесе ішінара үзілістер үшін Банк жауап бермейді.

6.3. Осы Оферта бойынша қызмет көрсету талаптарын Банк біржақты тәртіпшен өзгерте алады және Банктің www.bcc.kz сайтына ақпарат орналастыру арқылы Клиентке хабарлайды.

также перечисление ошибочно зачисленных средств Клиента по корректным идентификаторам осуществляется путем подачи письменного заявления Клиентом в Банк, при этом Банк передает запрос Клиента Агрегатору, а Агрегатор в свою очередь адресует его Оператору. Возврат сумм Клиенту производится только после получения Банком ответа о возврате сумм от Агрегатора.

5.4. Банк не несет ответственность за отказ Оператора в удовлетворении заявления Клиента о возврате платежа, либо о перечислении ошибочно зачисленных средств Клиента по корректным идентификаторам.

5.5. Банк не несет ответственности за ущерб Клиента, возникший в случае неверно введенных идентификаторов.

6. Особые условия

6.1. Банк имеет право временно прекратить оказание услуг по настоящему Договору при отсутствии технической возможности осуществлять взаимодействие между участниками расчетов.

6.2. Банк не несет ответственности за прямой или косвенный ущерб, возникший у Клиента вследствие использования устройства. Банк не несет ответственности за перерывы в предоставлении Услуг в случае сбоя программного обеспечения или оборудования Банка, Агрегатора или Оператора. Банк не несет ответственности за полные или частичные перерывы в предоставлении Услуг, связанные с заменой оборудования, программного обеспечения или проведения других работ Банка, Агрегатора и Оператора, вызванных необходимостью поддержания работоспособности и модернизации программного и/или аппаратного обеспечения.

6.3. Условия предоставления услуг по настоящей Оферте могут изменяться Банком в одностороннем порядке и доводятся до сведения Клиента путем размещения информации на сайте Банка www.bcc.kz.

1-қосымша

Осы Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Шарт – Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсында жарияланған, жеткізушінің қызметіне төлем жасауға байланысты осы Банктік қызмет көрсету туралы бұқаралық шарт.

Клиент – қолма-қол ақшамен төлем жасайтын кез келген жеке тұлға, сондай-ақ Банктің төлем карталары арқылы төлем жасайтын Банк клиенттері.

Агрегатор – төлемдерді қабылдауға және өңдеуге арналған қолда бар бағдарламалық-техникалық жиынтық арқылы Клиенттерден төлемдерді қабылдау жөнінде Оператормен және Банкпен шарт жасасатын Компания.

Төлем – Клиент құрылғыда қолма-қол ақшамен немесе төлем карточкасымен операция жүргізу арқылы таңдалған Оператордың пайдасына ақшалай міндеттемелердің орындалуы.

Оператор – Агрегатор Клиенттерден төлемдерді қабылдауды ұйымдастыру туралы сәйкес шарт жасасқан Клиенттерге қызмет ұсынатын немесе өз атынан тауарды іске асыратын коммерциялық ұйым.

Нұсқаулық – Клиенттің төлемін жүргізген кезде құрылғының экранында көрсетілетін Клиент Тарапынан орындалатын қажетті іс-әрекеттер.

Төлемнің сәйкестендіргіші – қаражат есептеу үшін Оператордың жүйесінде Клиентті айқындауға мүмкіндік беретін параметр (есепшоттың нөмірі, телефон нөмірі, Шарттың нөмірі).

Құрылғы – Банктің өзіне-өзі қызмет көрсететін банкоматтары және терминалдары.

Есеп айырысуға (мәмілеге) қатысушылар – Банк, Агрегатор, Оператор, Клиент.

Приложение №1

Термины и определения, используемые в настоящем Договоре:

Договор – настоящий публичный договор банковского обслуживания, связанного с оплатой услуг поставщика, опубликованный на интернет-ресурсе Банка по www.bcc.kz.

Клиент - любое физическое лицо, осуществляющее платеж наличными деньгами, а также клиенты Банка, совершающие платеж посредством платежной карты Банка.

Агрегатор – Компания, заключившая договора с Оператором и Банком по приему платежей от Клиентов посредством имеющегося набора программно-технических средств для принятия и обработки платежей.

Платеж – исполнение денежного обязательства в пользу выбранного Оператора путем совершения операций Клиентом на устройстве наличными деньгами либо посредством платежной карточки

Оператор - коммерческая организация, предоставляющая Клиентам услуги либо реализующая товары от собственного имени, с которой Агрегатор заключил соответствующий договор об организации приема Платежей от Клиентов.

Инструкция – необходимые действия со стороны Клиента, отображаемые на экране устройства при проведении платежа Клиента.

Идентификатор платежа – параметр, позволяющий установить Клиента в системе Оператора для зачисления средств (номер счета, номер телефона, номер договора).

Устройства – банкоматы и терминалы самообслуживания Банка.

Участники расчетов (сделки) – Банк, Агрегатор, Оператор, Клиент.